

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
«Менеджмент» кафедрасы**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им. Л.Н.
ГУМИЛЕВА
Кафедра «Менеджмент»**

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
“Management” Department**



**«ФОРСАЙТ ӘДІСНАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ҚЫЗМЕТТІҢ МЕНЕДЖЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияның
материалдары 6 мамыр 2021 жыл**

**Материалы конференции с международной научно-практической онлайн-
конференции: «ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ МЕНЕДЖЕРОВ
ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА ОСНОВЕ МЕТОДОЛОГИИ
ФОРСАЙТА» 6 мая 2021 года**

**Materials of International Scientific and Practical online Conference
"PROBLEMS OF TRAINING MANAGERS OF INNOVATIVE ACTIVITIES
BASED ON THE FORESIGHT METHODOLOGY"
6 of May 2021**

НҮР-СУЛТАН, 2021

УДК 005
ББК 65.290-2
Л11

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Старший преподаватель кафедры «Менеджмент» Сейсинбинова А.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 25 жылдығына арналған **«Форсайт әдіснамасы негізінде инновациялық қызметтің менеджерлерін даярлау мәселелері»** Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияның материалдары - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

Материалы с международной научно-практической онлайнконференции: **«Проблемы подготовки менеджеров инновационной деятельности на основе методологии форсайта»**, посвященная 25 летию Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

Materials of International Scientific and Practical online Conference "**Problems of training managers of innovative activities based on the foresight methodology**" dedicated to the 25 anniversary of L.N. Gumilyov Eurasian National University – Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021

ISBN 978-601-337-614-1

Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияның мақалалар жинағында Форсайт әдіснамасы негізінде инновациялық қызметтің менеджерлерін даярлаудың өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике статей международной научно-практической онлайнконференции рассмотрены актуальные вопросы подготовки менеджеров инновационной деятельности на основе методологии форсайта.

In the collection of articles of the International Scientific and Practical online Conference, topical issues of the training managers of innovative activities based on the foresight methodology are considered.

ISBN 978-601-337-614-1

УДК 005
ББК 65.290-2
Л11

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021
© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021

Әдебиеттер тізімі:

1. Лapidус Л. В. Технологии электронной коммерции и их влияние на формирование новых рынков и трансформацию традиционных бизнес-моделей // Экономика и предпринимательство. — 2016. — № 6 (71). — С. 395–399.

2. Chaffey D., Ellis-Chadwick F. Digital Marketing 6th ed. Pearson, 2016. ISBN 978-1292077611

3. Тоффлер Э. Третья волна. The Third Wave, 1980. М.: АСТ, 2010. (Philosophy).

4. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.

ӘОЖ 658.3.07

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ МЕНЕДЖЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ КӘСІПОРЫННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Ергеш Гулдана Нұралықызы

Инновациялық менеджмент мамандығының 1 курс магистранты,

Ғылыми жетекшісі: Бакирбекова А.М., э.ғ.к, доцент

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,,

Нұр-Сұлтан қ. Қазақстан Республикасы

E-mail: guldana050198@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада кәсіпорынның инновациялық стратегиясын қалыптастырудағы инновациялық қызмет менеджерлерінің даярлау қажеттілігі айқындалып, инновациялық қызмет менеджері стандарты қарастырылған.

Түйін сөздер: инновация, инновациялық қызмет, инновациялық стратегия, инновациялық қызмет менеджерлері.

Инновация мен инновациялық қызметтің экономикалық рөлін арттыру, инновациялық процестерді дамыту қарқыны, бағыттары мен тетіктерінің өзгеруі еліміздің көптеген кәсіпорындарының даму бағытын айқындаған түйінді факторлар болып табылады. Қазіргі жағдайда кәсіпорынның маңызды бағыты дамудың инновациялық жолына көшу болып табылады.

Жаһандану мен халықаралық бәсекелестіктің күшеюі жағдайында еліміздегі кәсіпорындардың басты міндеті ғылымның дамуын, жаңалықтардың қозғалысы, озық өндірістік технологияларды әзірлеу және енгізуге ынталандыруға шақыратын инновациялық даму стратегиясын қалыптастыру

болып табылады. Инновациялық даму стратегиясы кәсіпорынның бәсекеге қабілетін арттыруға, өндіріс тиімділігін жоғарылатуға әсер етеді.

Өндірістің тиімділігін арттыру және инновациялық даму міндеттері кәсіпорынның инновациялық даму стратегиясының тиімділігімен қамтамасыз етіледі. Тиімді жүзеге асырылатын стратегия кәсіпорынға бәсекелестік артықшылықтар береді және нарықта жетекші позицияларды алуға ықпал етеді.

Кәсіпорынның инновациялық даму стратегиясын қалыптастырудағы негізгі мәселелердің бірі инновациялық қызмет саласында менеджерлер біліктілігінің жетіспеушілігі болып табылады. Сондықтанда инновациялық қызмет менеджерлерін даярлаудың рөлі ерекше.

Инновация саласындағы менеджер дегеніміз - ғылыми-техникалық ұйымдар, концерндер, салааралық ғылыми-техникалық кешендер құрылымдарындағы басқару функцияларын кәсіби түрде орындайтын маман, оның міндеттеріне жоспарлау, соның ішінде мақсатты бағытталған жоспарлау және инновациялық процестерді үйлестіру кіреді[1].

Инновациялық бизнестің кәсіпкерлік құрылымдарында менеджер инвестиция көздерін, оның ішінде банктерден тартылған қаражаттарды анықтайды, инновациялық жобаларды іске асырудағы коммерциялық жағдайды жан-жақты бағалайды және инновациялық қызметтің бизнес жоспарларын жасайды. Ғылыми-зерттеу институттарында менеджердің функцияларына ғылыми-технологиялық бағдарламаны әзірлеу, ҒЗТКЖ-ны бәсекелі түрде орындауды ұйымдастыру, инновациялық жобалардың экономикалық сараптамасы және инновациялардың халықаралық трансфертіне қатысуды қамтамасыз ету кіреді

Гарвард мектебінің анықтамасына сәйкес, инновациялық менеджердің негізгі сапасы - бұл ең аз шығынмен лидер көрген мақсатты жүзеге асыруға қабілеттілік. Осылайша, қызметті оңтайландыру, инновациялық стратегиялар мен оларды жүзеге асырудың тиімді құралдарын таңдау инновациялық менеджерге байланысты[2].

Инновациялық қызмет менеджері жаңа өнімді өндіруге және дамытуға байланысты іс-әрекеттерді орындай отырып, табысқа жету үшін келесі негізгі қызметтерді атқарады:

- идеяларды құру;
- кәсіпкерлік немесе идея үшін күрес;
- жобаны басқару;
- ақпараттық бақылау;
- жоба қызметкерлерін қолдау және оқыту[3].

Инновациялық қызмет менеджерлерін даярлауда, ең алдымен, инновациялық қызмет менеджері стандартын қарастыру қажет. Инновациялық қызмет менеджерлері берілген деңгей бойынша қызмет бағытын жүзеге асырады. Инновациялық қызмет менеджері стандартының қысқаша сипаттамасын келесі кестеден көре аламыз (кесте 1).

Кесте 1. Инновациялық қызмет менеджері стандартының қысқаша сипаттамасы

Стандартты параметр атауы	Екінші деңгейдегі инновациялық менеджер	Үшінші деңгей инновациялық менеджері	Төртінші деңгей инновациялық менеджері
Қызмет бағыты	1. Инновациялық қызметті басқару бойынша материалдар дайындау және ұсыныстар әзірлеу 2. Инновациялық өнім нарығында серіктестермен жұмыс 3. Нарықты ілгерілету жөніндегі қызметті жүзеге асыру 4. Патенттік құқықты жинау және талдау	1. Инновациялық менеджмент бойынша жұмысты жедел жоспарлау және ұйымдастыру 2. Инновациялық өнім нарығында серіктестермен жұмыс 3. Нарықты ілгерілету жөніндегі шаралардың орындалуын бақылау 4. Инновациялық жобаның барлық кезеңдерін басқару	1. Инновациялық-инвестициялық қызметті басқару бойынша жұмысты стратегиялық жоспарлау және жалпы ұйымдастыру 2. Инновациялық жобалардың портфолиосын басқару 3. Инновациялық-инвестициялық қызмет нәтижелерін бағалау және бақылау 4. Корпоративті басқаруға қатысу

Кәсіпорынның инновациялық даму стратегиясын қалыптастыруда осы деңгейдегі инновациялық қызмет менеджерлері маңызды рөл атқарады. Инновациялық жобаларды жүзеге асыру мен инновациялық өнімдерді нарықта жылжыту мен стратегиялық жоспарлауды жүзеге асырады.

Инновациялық менеджмент саласындағы мамандар келесі дағдыларға ие болуы керек:

- зияткерлік ресурстарды басқарудың мүмкіндіктері мен тетіктерінде кәсіби бағдарлай білу;
- технологияларды коммерцияландыру саласында дағдыларға ие болу;
- зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау теориясы мен практикасын меңгеру;
- инновациялық жобаларды және жоғары технологиялық компанияларды кәсіпорындарды басқара білу;
- тәуекел және белгісіздік жағдайында жұмыс істеу дағдыларына ие болу;
- кәсіпорын қызметкерлері жинақтаған жаңа идеяларды іріктеуге, олардан инновациялық портфель қалыптастыруға және оларды барынша оң нәтижемен іске асыру мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік беретін білімге ие болу.

Отандық және шетелдік кәсіпорындардың тәжірибесі көрсеткендей, кәсіби дайындалған менеджерлер ғана ғылыми-техникалық әзірлемелердің

инновациялық өнімге сәтті өзгеруін қамтамасыз ете алады. Инновациялық қызметтің ерекшелігі көшбасшы стиліне қойылатын талаптардың өзгермелілігінде. Кәсіпорын жетілген сайын көшбасшыға қойылатын талаптар өзгереді, сондықтан жаңа талаптарға сай көшбасшылық стилі де өзгеруі керек. Бұл дегеніміз, көшбасшылар жаңашылдықпен байланысты ұйымдастырушылық өзгерістерді, ең алдымен, өзгерістер мен оқыту үшін жүргізуге дайын болуы керек [4].

Қорытындылай келе, инновациялық қызмет саласында білікті кадрларды даярлау кәсіпорынның инновациялық қызметін дамытуға және инновациялық даму стратегиясын қалыптастыруға өзінің ықпалын тигізеді. Себебі кәсіпорынның адами капиталы жаңа өнімдердің негізгі құрушысы және оларды нарыққа жеткізуші болып табылады. Оның тұрақты дамуы мен ынталандырылуы инновациялық стратегияларды қалыптастыруға, яғни кәсіпорынның болашағына оң әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Зинов В.Г. Менеджмент инноваций: кадровое обеспечение. — М.: Дело, 2005. — 496 с

2. Коссов В.В. Основы инновационного менеджмента: Учебное пособие. — М.: Магистр, 2009. — 423 с

3. Блохина М.С. Инновационные компетенции в системе требований к профессиональной подготовке эффективного менеджера // Мир экономики и управления. – 2017. – Т. 17. – №2. – С. 97-109.

4. Гоблик В.В. Модернизация подготовки инженеров и менеджеров инновационного производства // Вестник Московского городского педагогического университета. – 2012. – №4(22). – С. 30-40.

УДК 332.146.2

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДА ФОРСАЙТ В УПРАВЛЕНИИ РЕГИОНАЛЬНОЙ МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКИ

Есмуханова Эльвира Карабековна

Магистрант 1 курса специальности «Государственное и местное управление»,

Научный руководитель: к.э.н., доцент Утарбаева Г.К.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

г. Нур-Султан, Республика Казахстан

E-mail: elvira.yesmukhanova@mail.ru

Аннотация: Статья посвящена проблемам организации молодежной политики. Рассматриваются вопросы применения метода форсайт в планировании программ для молодежи исходя из их потребностей.